# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым атауы: ЖШС «Бақытты бала» балабақшасы
Топ: «Қошақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5жас
Қараша айы. 11.11-15.11.2024ж. 2 апта

«Тексерілді»: ________
Әдіскер: Ж.С.Давлеткалиева
Тәрбиешілер: Г.К.Рымбекова
Ж.Ж.Ахметова

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>11.11. 2024 | Сейсенбі<br>12.11. 2024 | Сәрсенбі<br>13.11. 2024 | Бейсенбі<br>14.11. 2024 | Жұма<br>15.11. 2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу<br>**Медбике тексеру** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, денсаулығын тексеріп қарсы алу | Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | Қызыл жүрекшемен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.<br>Өнегелі 15 мин | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау<br>Өнегелі 15 мин | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау<br>Өнегелі 15 мин | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу<br>Өнегелі 15 мин | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу<br>Өнегелі 15 мин |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Мен отбасымды жақсы көремін. Отбасы мүшелерін бүкіл параққа, бір сызықтың бойына орналыстыра бейнеленген суретті бояу. **Шығарма-шылық,** **бір тұтас тәрбие** | Мен кім болам?Балалар-дың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. **Сөйлеуді дамыту** | Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстырамын.Көленкесін тап .Заттардың көленкесін табады, биіктігі мен ұзындығын ажыратады, салыстырады. **Математика негіздері** | «Түрлі түсті моншақтар» ермексазды пайдаланып кішкентай дөңгелектер жасау арқылы,қолдың моторикасын дамыту. **Шығармашылық дағды** | Ұлттық ойын: «Түйілген орамал»Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. **Бір тұтас тәрбие** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Заттармен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты,ойлау мәдениетін,<br><br>таным процестерін іріктеу,шыдамдылық,ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. | Заттардың пішіндеріне,бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып,түстер мен олардың реңктерін беру,негізгі пішінді,заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу,түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту . | Сөйлемдердегі сөздерді:<br><br>зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру | Бейнелеу әдістерін<br><br>(штрихтар,бояуларды араластырып,кляксография, жіппен) қолдануын дамыту | Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды:ойыншықтарды,ыдыстарды мүсіндеу оларға тән ерекшеліктерді беру,қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша** | «Менің Қазақстаным» | Сауат ашу Тақырып: | Қазақ тілі Тақырып: | Математика негіздері | Көркем әдебиет Тақырып: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | ҚР әнұраны Орындалады **Математика негіздері** **Тақырып:** Дөңгелек және сопақша. Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға;заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан | Буын Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету.Сөздер дің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту. Ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу. **Қазақ тілі** **Тақырып:** Менің бөлмем Өз үйіне деген жылы сезімдерін арттыру, бөлмесін жинап жүруге тәрбиелеу **Музыка** | Менің Отаным Отан туралы тақпақ үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Отанға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. **Математика негіздері** **Тақырып:** Шар, текше, цилиндр Текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды | **Тақырып:** Шар, текше, цилиндр Текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Шыдамдылы ққа тәрбиелеу. **Сауат ашу негіздері** **Тақырып:** Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз. Сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру.Суреттер ді өз сызбасымен | «Ақылды лақ» (қуыршақ театры) Әртүрлі дауыс күшін қолдана отырып,кейіпкерді ң бейнесін бере білуі, өз әрекетін серіктесінің әрекетімен сәйкестендіре отырып, түрлі ырғақта қозғалуды қалыптастыру, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; тапқырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Сөйлеуді дамыту** **Тақырып:** Қысқа дайындық (ертегі) Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу). Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру.Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:** Дыбыстар әлемі<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап | **Тақырып:** ***Егемендi елiм***<br>Әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. Ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке | табуға үйрету.Зейін есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:** Менің отбасым. Менің үйім<br>Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Ұйымшылжәне жинақы болуға тәрбиелеу. Отбасына, өзіне деген жылы қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** «Үйшік» (театрландырылған ойын)<br>Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы | дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырып:** Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?<br>Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру.Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту. Топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік | суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету.Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:**Біздің стадион.<br>Шапшаңдық секілді дене сапасын дамыту және кез келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білулерін дамыту. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, азаматтық қасиеттерін тәрбиелеу.<br>**Шығармашылық: «Мүсіндеу»**<br>**Тақырып:** Көгөністер Геометриялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | беруге дағдыландыру. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырып:** Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыруӘр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Өз елінің тарихын білуге деген қызығушылықтарын тудыру; отансүйгіштікке тәрбиелеу **Дене шынықтыру** **Тақырып:** Біз – | тәрбиелеу **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме) Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. Отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу | сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту, сахналау барысында жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру, түрлі дауыс күшін қолдана білуді жетілдіру, үйлесімді қимылды дамыту,кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу | құзіреттіліктерін дамыту. Жануарлар мен өсімдіктер әлемін сүюге баулу. **Музыка** **Тақырып:** ***Егемендi елім*** Әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. Ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу | фигураларды кияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; қолдың ұсақ моторикасын,ойлау қабілеттерін дамыту; адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болашақ әскерміз! Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, отансүйгіштікке, азаматтыққа тәрбиелеу | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Күнді бақылау Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. | Ағаштарды бақылау Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой – өрісін дамыту. Табиғатқа деген | Аула тазалаушыны бақылау Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. Көркем сөз: Қамымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз | Гүлзарларды бақылау Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру Бақылау Күн жылы болып, кун сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гулзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер | Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. Тақпақ: Күзде жауын. Бұлт. Тұман |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.<br>Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды<br>Ішінен жібек шашылды<br>(күннің көзі)<br>Аспандағы алып доп<br>Жарқырайды жарық боп<br>(күн)<br>Көркем сөз:<br>Күз де келді, күз келді<br>Күдерін жаз үзгенді<br>Күз де келді, күз | сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу.<br>Көркем сөз:<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көблек секілді<br>Аспанда жай шатырлап<br>Тамшы жерге секірді<br>Тақпақ:<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан – алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>Қозғалмалы ойын: «Өз жұбыңды тап»<br>Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай | бәріміз<br>Тазалықшы ағайды Қарандаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды?<br>Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. Ол кісінің қолында қандай құралдары бар?<br>Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе?<br>Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек?<br>Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу.<br>Қимыл – қозғалыс | дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады.<br>Тақпақ:<br>Гүл өсірем үйде<br>Су құямын күнде<br>Гүл күткенді біледі<br>Бойын сылап сүйеді<br>Күнде гүлін ашады<br>Жұпарын маған шашады<br>Ө.Тұрманжанов<br>Қимыл – қозғалыс ойын «Мысық пен торғайлар».<br>Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету,<br>Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сірңке қорапшасына жинау. | Сары жапырақ жауады.<br>Сары құйын үйтқыған<br>Сапырады ауаны<br>Тапталады табанға<br>Судыр- судыр жапырақ<br>Өрттей сары бояуға<br>Малынғандай атырап. М. Әлімбаев<br>Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар».<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келді<br>Көкте бұлттар жүзді енді.<br>Күз де келді, күз келді<br>Құстар мекен іздеді.<br>Қ. Мырзалиев<br>Қимылды ойын: «Қоңыздар»<br>Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту. | ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзінесай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту<br>Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?» | ойын: «Жапалақ»<br>Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді.<br>Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға жинау. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті**). | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті**) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br><br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br><br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br><br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балалардың қалауы бойынша ойша бейнелеу, мүсіндеу, қиып жапсыру **(Шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>Еңбек құралдарын | Ұшақтар мен көліктердің қыс мезгіліне дайындығы туралы фильм көрсету, пазлдарды жинау, логикалық ойын | Егіншілердің, фермерлердің еңбегімен таныстыру. Қысқа дайындықтағы рөлін түсіндіру. Кітаптардан суреттерін көріп, эмоционалды-бейнелік мазмұнын | **Вариатив**<br><br>«Салттар мен фольклор»<br><br>Салт-дәстүрді түсіндіру және ою өрнектердің түрін суреттеріне қарап | «Құстар қайтып барады» ұжымдық шығармашылық жұмыс. (мольбертте) **(Шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>Құрастыру материалдарынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру. Оларды қалай қолдану керектігі туралы ойыншық құралдармен жасап көру. **(танымдық іс әрекет)**<br><br>Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету **(зерттеу іс әрекеті)** | тапсырмалары бар ойындар ойнату. **(Танымдық,зерттеу іс-әрекет )** | қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | таныту. Таныс ертегілердің мазмұнын айтқызу. Әдеби кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қылықтарын ажырату. Таныс шығармалардан үзінді сахналату. | әр түрлі заттар құрастыру. Заттар,олардыңбелгілерін нақтылаужәнебейтанысзаттардыңқолданылуын түсіну. **(Танымдық, іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Бегарыс айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтуды үйрету | Батыр мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтуға үйрету | Аминаға тура және кері санауды үйрету | Гафур өз істерін жауапкершілікпен орындауға тырысуға үйрету | Сандуғашқа тәртіп ережелерін үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | Еркін ойындар<br><br>Балалардың сұранысы бойынша «Үш аю» ертегісін оқып беру.<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Мысық пен тышқан» | Футбол – берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату дағдысын қалыптастыру; **(дене шынықтыру)**<br>Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Кішкентай маймылдар | Жапырақтардан құстардың бейнесін құрастырту.<br>Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Шымшықтар мен мысық» | Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату **(көркем әдебиет)**<br>Еркін ойындар | Балабақша ауласында өсетін жидектерге қарап жидектердің суретін салдырту. **(сурет салу)**<br>Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Мысық пен тышқан» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бала тілінің дамуы жайлы әңгіме | Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгіме | Бала десаулығы мен тазалығы жайлы әңгіме | Баланың эмоционалды көңіл күйі жайлы әңгіме | Баланың қандай дағдыларды меңгере алмай жатқаны туралы әңгімелесу |